

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
11.05.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 11.05.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі алтыншы мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Әбілқасымова Мәдина Ерасылқызына беріледі.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне стрестік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Бұл заң жобасы Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауындағы стрестік активтерді экономикалық айналымға қайтару жөніндегі тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты стрестік активтердің өтімді нарығын нарықтық негізде дамыту және оларды экономикалық айналымға тарту үшін жағдай жасау болып табылады.

2016 жылдан бастап банк секторын қалыпқа келтіру бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде 6,7 триллион теңге сомасындағы стрестік активтер есептен шығарылды. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стрестік активтер мөлшері 2,3 триллион теңгені немесе банк жүйесі активтерінің 6 пайызын құрайды.

Стрестік активтерге төлеу мерзімі 90 күннен асқан кредиттермен қатар қайта құрылымдалған кредиттер, өндіріп алынған мүлік және банктердің стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдарының активтері жатады.

2019 жылы жүргізілген активтердің сапасын тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша стрестік активтердің үлесі банктердің несие портфелінің 21 пайызы болып бағаланды. Анықталған шығындарды өтеу үшін банктер 554 миллиард теңгеге қосымша провизиялар қалыптастырды, 128 миллиард теңгеге капиталды қосымша ұлғайтты.

2020 жылдан бастап банктер агенттіктің келісімі бойынша стрестік активтерді азайту жөніндегі жеке жоспарларды әзірлеп іске асыруда. Екі жыл ішінде 648 миллиард теңгеге проблемалық қарыздар есептен шығарылды.

Осыған байланысты стрестік активтерді нарықтық негізде одан әрі азайту әлі де өзекті.

Осы заң жобасы төрт заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді және мынадай негізгі бағыттардан тұрады.

Біріншіден, заң жобасында стрестік активтерді авторизацияланған сатып алушылардың қолданыстағы тізімін жеке инвесторларды қосу арқылы кеңейту көзделген.

Қазіргі уақытта банктер туралы заңның 36-1-бабына сәйкес авторизацияланған сатып алушылар тізіміне екінші деңгейдегі банктер, банктердің стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдары, Проблемалық кредиттер қоры, коллекторлық агенттіктер және басқа да қаржы ұйымдары кіреді. Бұл ретте тізім кеңейтіліп, банктердің және микроқаржы ұйымдарының стрестік активтерін жеке инвесторларға сату құқығы беріледі.

Жеке инвесторларға заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің қарыздарын сатып алуға рұқсат етіледі. Қарыз алушы – жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін заң жобасында жеке тұлғалардың кредиттерін инвесторларға сату көзделмеген.

Екіншіден, заң жобасында сервистік компаниялар институтын құру көзделеді. Олар инвесторларға жұмыс істемейтін кредиттерге қызмет көрсету және басқару қызметтерін көрсетеді.

Сервистік компаниялар институтын дамыту стрестік активтердің өтімді нарығын құру үшін қажетті жағдай болып табылады. Сервистік компаниялар активтерді сенімгерлік түрде басқарады, өндіріп алудың жеке стратегиясын әзірлеп іске асырады және стрестік активтердің иелеріне басқа да қызметтер көрсетеді.

Сервистік компаниялардың функцияларын тиісті тәжірибесі мен құзыреті бар банктердің стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдарына және коллекторлық агенттіктерге беру ұсынылады.

Заң аясындағы деңгейде сервистік компаниялар үшін капиталдың мөлшері, нарықтағы жұмыс тәжірибесі, мінсіз іскерлік беделінің болуы және қадағалау шаралары мен санкциялардың болмауы жөнінде жоғары талаптар белгіленетін болады.

Агенттік белгіленген талаптарға сәйкес келетін сервистік компаниялардың тізілімін жүргізіп, олар туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Бұл қарыз алушылардың құқықтарын қорғаудың қосымша тетігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, себебі аталған ұйымдар агенттіктің реттеу аясына жатады.

Үшіншіден, заң жобасында жеке инвесторлардың сатып алынатын қарыздарды сервистік компанияларға сенімгерлік басқаруға беру міндеті

көзделеді. Сенімгерлік басқаруға беру бойынша талап мынадай проблемалық кредиттерге қолданылады:

біріншіден, дара кәсіпкерлердің қарыздарына;

екіншіден, заңды тұлғалардың берешегі 16,5 мың айлық есептік көрсеткіштен немесе 50 миллион теңгеден аспайтын қарыздарға;

үшіншіден, инвестор бейрезидент болып табылса. Қарыз алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында банктік қарыз және микрокредит шарттары шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын барлық талаптар мен шектеулер жеке инвесторға қолданылатын болады. Осылайша, қарыз алушылардың құқықтары жеке инвесторлар мен сервистік компаниялар алдында қорғалады;

төртіншіден, заң жобасы өндіріп алынған мүліктің банктердің және микроқаржы ұйымдарының баланстарында болуы үшін шекті мерзімді үш жыл деп белгілеуді көздейді. Бұл банктерді және микроқаржы ұйымдарын стрестік активтерді экономикалық айналымға жедел түрде тартуға ынталандырады.

Құрметті депутаттар! Сіздерге заң жобасын Парламент Мәжілісіндегі жұмыс тобында қарау кезінде сындарлы жұмыс жүргізгендеріңіз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Сіздерден заң жобасына қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Еспаева Дания Мәдиқызы.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемая Мадина Ерасыловна! Основной новеллой законопроекта является создание условий для привлечения иных лиц (инвесторов) в качестве потенциальных покупателей стрессовых активов. Вместе с тем в проекте закона разработчиком изначально была заложена норма, в соответствии с которой выкупленное требование должно было в обязательном порядке передаваться в управление сервисным компаниям.

По мнению депутатов, данное требование могло уменьшить количество потенциальных инвесторов, приобретающих стрессовые активы. В итоге рабочей группой были поддержаны поправки депутатов, в соответствии с которыми предусмотрено право инвесторов без передачи в доверительное управление сервисным компаниям управлять приобретенными правами по договору банковского займа, размер задолженности по которому превышает 50 миллионов тенге.

В этой связи у меня следующие вопросы:

1. Какой объем проблемных займов, размер которых составляет свыше 50 миллионов тенге, имеется в портфеле стрессовых активов банков?

2. Считаете ли Вы, что поправки депутатов будут способствовать вовлечению в экономический оборот замороженных залоговых активов?
Спасибо.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Большое спасибо, Дания Мадиевна.

Действительно, по предложению депутатов займы свыше 50 миллионов тенге предложено не передавать в обязательном порядке в управление сервисным компаниям.

Если говорить сегодня об объеме стрессовых активов, то это 2,3 триллиона тенге, из них займы юридических лиц и индивидуальных предпринимателей, которые относятся к категории стрессовых активов, составляют 1,1 триллиона тенге. Если посмотреть по сумме, то займы, которые превышают сумму 50 миллионов тенге, составляют 1 триллион тенге, но если посмотреть по количеству заемщиков, то общее число заемщиков (именно корпоративных заемщиков), имеющих проблемные кредиты, насчитывает 16 тысяч, из них только 10 процентов имеют кредиты на сумму свыше 50 миллионов тенге. Большая часть заемщиков имеет небольшие кредиты – до 50 миллионов тенге.

Мы согласились с предложением депутатов, поскольку кредиты свыше 50 миллионов тенге (средняя сумма составляет около 600 миллионов тенге) – это большие займы, были выданы крупным инвесторам в основном под реализацию больших инвестиционных проектов. В качестве залога используются промышленные базы, коммерческие объекты, земельные участки. Поскольку это кредиты третьей стадии, которые требуют завершения строительства, проведения работ, каких-то дополнительных инвестиций, то продажа напрямую их частным инвесторам зачастую целесообразна, так как частные инвесторы могут обеспечить какое-то дополнительное вливание средств для завершения этих объектов. Это крупные проекты.

ТӨРАҒА. Депутат Ерубает Серік Сәрсенұлы.

ЕРУБАЕВ С.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Мәдина Ерасылқызы! Заң жобасында стрестік активтерді экономикалық айналымға жедел тарту мақсатында оларды әлеуетті инвесторларға өткізу мерзімдерін қысқарту ұсынылып отыр. Егер бұрын қаржы ұйымдары осы активтерді баланста қабылданған күннен бастап бес жыл ішінде өткізуге міндетті болса, осы заң жобасында депутаттардың ұсынысымен бұл мерзім үш жылға дейін қысқартылған екен. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Егер екінші деңгейдегі банктер стрестік активтерді белгіленген үш жылдық мерзімде өткізбесе, онда оларға қандай жауапкершілік шаралары көзделген? Рақмет.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Заң жобасы бойынша өндіріп алынған мүлікті сату мерзімі үш жылға дейін қысқартылды. Біздің деректер бойынша банктер, микроқаржы ұйымдары осындай өндіріп алынған мүлікті орташа алғанда бес жылға дейін ұстайды. Осы уақыттың ішінде олар экономикалық айналымға қатыспайды. Сондықтан мерзімі үш жылға қысқартылғаны өте орынды, себебі олар жедел түрде экономикалық айналымға қайтадан қатысады.

Егер банктер және микроқаржылық ұйымдар осы үш жылдың ішінде мүлікті сатпаса, оларға агенттік қадағалау шараларын қолданады. Банктермен осы

мүлікті қысқа мерзімде, яғни бір жыл ішінде сату бойынша жоспар дайындалады. Егер бұл жоспар орындалмаса, агенттік өз тарапынан банктің басшы қызметкерлерін босату шараларын қабылдай алады, сонымен қатар банктер туралы заңға сәйкес тағы да басқа қадағалау шаралары көзделген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Линник Андрей Григорьевич.

ЛИННИК А.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемая Мадина Ерасыловна! Законопроектом определен перечень организаций, наделенных функциями сервисных компаний, осуществляющих доверительное управление активами, приобретенными инвесторами. В этот перечень вошли дочерние организации банков, осуществляющие управление стрессовыми активами (ОУСА), а также коллекторские агентства.

Разъясните, пожалуйста, какими дополнительными инструментами по вовлечению в экономический оборот наделяются сервисные компании, и не будут ли они лоббировать интересы банков? Благодарю.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Спасибо, Андрей Григорьевич.

Действительно, вводится новый институт сервисных компаний. Сейчас эти функции по взысканию имущества и управлению стрессовыми активами для банков в основном оказывают организации по управлению стрессовыми активами. Это дочерние организации банков, их сейчас у нас 18. Также коллекторские агентства выполняют определенные функции, в основном досудебное взыскание, урегулирование проблемных задолженностей для физических лиц. Сегодня на рынке присутствует 172 коллекторских агентства.

Теперь вводится институт сервисных компаний, функции и полномочия будут расширены. Основной задачей сервисных компаний будет доверительное управление стрессовыми активами. Если ОУСА управляет стрессовыми активами в интересах только родительского банка, то сервисная компания может управлять в интересах любых финансовых организаций.

По коллекторским агентствам, как я сказала, функции были ограничены, теперь сервисная компания будет обладать такими полномочиями, как, например, реструктуризация займа в сторону улучшения условий для заемщика, может принимать меры по улучшению качества залогового обеспечения (завершение строительства объекта, ремонт объекта), будет представлять интересы кредиторов в суде, принимать денежные средства в оплату для кредитора. То есть более широкий круг полномочий. Мы посмотрели международную практику и постарались максимально охватить круг полномочий.

Кроме этого, очень важно отметить, что на подзаконном уровне мы установим более повышенные требования для сервисных компаний. То есть не любая коллекторская компания или агентство сможет выполнять функции сервисной компании. Будут повышены требования по минимальному капиталу, опыту работы на рынке, безупречной деловой репутации, отсутствию надзорных мер реагирования.

Сейчас минимальный капитал для коллекторских агентств составляет 10 миллионов тенге, который мы внедрили с 1 января этого года, с 2023 года планируем повысить до 50 миллионов тенге, а для сервисных компаний предлагаем сразу установить 100 миллионов тенге. Будут установлены и другие более повышенные требования. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Рамазанова Ләззат Керімқұлқызы.

РАМАЗАНОВА Л.К. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Мәдина Ерасылқызы, дәл осы сервистік компаниялардың мәртебесін көтердік деп айтып өттіңіз. Дегенмен сервистік компаниялар егер белгіленген шарттарды бұзса, заң жобасына сәйкес жауапкершілікте болу керек. Мысалы, қарыз шартын біржақты өзгерткен, қарыз валютасын индекстеуге тыйым салуды бұзған және басқа да жағдайларда. Жаман айтпай жақсы жоқ демекші, егер осындай жағдайлар болса, сервистік компаниялар қандай жауапкершілікке тартылады?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Ләззат Керімқұлқызы, сұрағыңызға рақмет.

Заң жобасы аясында қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мақсатына ерекше назар аударылды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қарыз алушының кредиті банктерден жаңа инвесторға сатылса, бастапқы кредиторға қойылған барлық талаптар мен шектеулер сақталады және жаңа инвесторға қолданылады.

Біріншіден, қарыз шартының талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге болмайды, қолданыстағы заңға сәйкес оған тыйым салынған. Сол себептен жаңа инвестор шарттың талаптарын біржақты тәртіппен нашарлата алмайды.

Екіншіден, қарызды қарыз алушының келісімімен ғана сатуға болады. Келісімі болмаса, оны жаңа инвесторға сата алмайды. Егер қарыз алушының құқықтарын жаңа сервистік компания немесе жеке инвестор бұзғаны туралы фактілер анықталса, агенттік өз тарапынан оған қадағалау шараларын қолданады. Біріншіден, жаңа инвестор қарыз шартын бастапқы талаптарға өзгертуі керек. Екіншіден, қарыз алушының борыш жүктемесі ұлғайса, оған артық төленген сомасын қайтару керек. Үшіншіден, жаңа инвесторға айыппұл санкциялары салынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Мәдина Ерасылқызы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Бойчин Анатолий Васильевичке беріледі.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемые депутаты! Рассматриваемый законопроект был внесен в Мажилис Парламента Республики Казахстан 27 декабря 2021 года в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан.

В настоящее время уровень стрессовых активов по банковской системе не представляет угрозы для финансовой стабильности в целом финансового сектора Казахстана. Однако на балансах банков и их дочерних организаций все еще

сохраняется значительный объем стрессовых активов, включающий проблемные кредиты, недвижимость, земельные участки, производственные объекты и оборудование, которые необходимо вовлечь в экономический оборот.

Законопроект направлен на создание благоприятных условий для развития ликвидного рынка стрессовых активов и вовлечение их в экономический оборот, для достижения которых необходимо обеспечить беспрепятственный доступ к рынку стрессовых активов широкого круга инвесторов.

Поэтому основным приоритетом законопроекта является реализация системных мер, направленных на развитие рынка стрессовых активов на конкурентных условиях. Это позволит высвободить капитал и операционные ресурсы банков для устойчивого кредитования экономики.

В ходе рассмотрения законопроекта на заседаниях рабочей группы в целях совершенствования отдельных норм были приняты 103 поправки, в том числе приняты изменения и дополнения, внесенные с целью приведения законопроекта в соответствие с правилами юридической техники.

Хочу поблагодарить членов рабочей группы, весь депутатский корпус, а также государственные органы за плодотворную работу по обсуждению норм данного законопроекта.

Всеми комитетами Мажилиса Парламента представлены положительные заключения.

На основании изложенного Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития рынка стрессовых активов».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Анатолий Васильевич.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Құлшар Мәлік Иманқұлұлына беріледі.

ҚҰЛШАР М.И. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Мен талқыланып отырған заң жобасын қолдаймын.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында стрестік активтер деңгейін төмендету жұмысы айрықша маңызға ие екенін атап өткен болатын. Токтатылған активтерді экономикалық айналымға қайтару қажет, бірақ бұл тек нарықтық негізде болуы керек. Ол үшін тиісті заңнамалық база қажет.

Бүгінде қаралып жатқан заң жобасы арқылы осы нарыққа жеке инвесторларды тарту мақсатында Қазақстанда стрестік активтерді басқару бойынша қызметтердің толық кешенін ұсынатын сервистік компаниялар институтын құру жоспарланып отыр. Жаңа инвесторлар жұмыс істемейтін кредиттерді алғаннан кейін оларды сенімгерлік басқаруға береді деп жоспарлануда.

Стрестік активтердің өтімді нарығын дамыту активтерді экономикалық айналымға тезірек тартуға, сондай-ақ кредит беру үшін банктердің капиталы мен операциялық ресурстарын босатуға ықпал етеді.

Құрметті депутаттар! Заң жобасына енгізілген өзгерістер стрестік активтер нарығын дамытуды қамтамасыз етеді, әлеуетті инвесторлар санын ұлғайту есебінен бәсекелестікті күшейтеді, сондай-ақ стрестік активтерді экономикалық айналымға тарту процесін жеделдетеді деп есептеймін.

Осы айтылғандарды ескере отырып, қаралып отырған заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға жазылған басқа депутаттар жоқ.

Біз бүгін өте маңызды заң жобасын талқыладық. Естеріңізде болса, Президент осы мәселені екі рет көтерген болатын, бірінші рет былтырғы Жолдауында, екінші рет қаңтар айында ірі бизнес өкілдерімен кездескен кезде.

Біз бүгін осы заң жобасын талқыладық. Заң жобасын Мәжіліс қабырғасында талқылау барысында, баяндамашылар айтып өткендей, экономикамызға оң әсер беретін бірқатар өзгерістер енгізілді. Яғни кепілдегі мүліктің банк балансында болуына үш жылдық шектеу енгізілу деген өте жақсы, экономикаға оң әсер беретін түзету деп ойлаймын. Бұл ел экономикасына жұмыс істемей көп жылдар бойы банктерде жатқан мүліктерді, активтерді, өндірістік нысандарды, жер телімдерін, басқа да стрестік активтерді экономикалық айналымға тездетіп енгізуге мүмкіндік береді. Бұл бірінші.

Екінші. Жаңа бұл мәселені депутат Еспаева да айтып өтті. Құны 50 миллион теңгеден асатын активтерді сатып алған инвесторға оны дербес басқаруға рұқсат беріледі. Бұл да үлкен өзгеріс деп есептейміз.

Бүгін осы стрестік активтер саласындағы ахуалды жақсарту үшін бірқатар оңтайлы шешімдер қабылданды деп ойлаймын. Бұл алғашқы қадамдар. Агенттік бар, Үкімет бар, депутаттар бар, бәріміз бірігіп осы жұмысты әрі қарай да жалғастыруымыз қажет.

Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 104, «жақтағандар» – 104. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету
бизнесмен сектор меңгерушісі
Майя Н. Шағынтаев*